

Бекіткен: Мектеп директоры

Бердібеков Б Б

Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптар бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

	Қыркүйек-қазан	Қараша-желтоқсан	Қаңтар-ақпан	Наурыз-сәуір-мамыр.
	1-отырыс	2-отырыс	3-отырыс	4-отырыс
1.	Әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарын бекіту. Бастауыш сыныптар апталығын бекіту	<b>Ашық сабақ:</b> Журкина К.А 3-сынып Әдебиеттік оқу «Түскі тамақ күшті тамақ»  Елеуова Г.Т . 1-сынып Әліппе « Ж дыбысы және әрпі»	<b>Ашық сабақ:</b> Малик С Қазақ тілі 2-сынып «Мәтін және оның түрлері»	<b>Ашық сабақ:</b> Кошенова З Т 4-сынып. Математика «Өткенді пысықтау»
2	Факультатив үйірмелерді жоспарлау Сессия аралық жұмысты жоспары	<b>Іс –шара:</b>  Малик С «Менің Отаным менің байлығым» тәрбие сағаты	<b>Баяндама.</b>  Журкина К А «Ұлттық ойындар арқылы баланың білімін тереңдету».	<b>Баяндама.</b> Малик С «Оқушылардың көпшілік орындарындағы өзін –өзі ұстауы»
3.	Қ.Р. халықтарының Тілдер мерекесі. Ұстаздар мерекесі. <b>Ісшара:</b> Кошенова ЗТ. «Мақал сөздің мәйегі» сайыс Елеуова Г Т «Бала тілі бал! » мәнерлеп оқу	Бастауыш сынып апталығын жеке бағдарламамен өткізу.  Кабинеттің жабдықталуы  <b>Іс- шара :</b> «25-қазан Республика күні»	<b>Іс- шара :</b> «Әз, Наурыз!» ертеңгілік. Сынып жетекшілер	<b>Ашық сабақ:</b> Журкина К А 3-сынып математика «Құрама есептер »  Малик С 2-сынып Жаратылыстану «Тазалық -денсаулық кепілі.»
4.	<b>Іс –шара:</b> Журкина К А «Дос болайық бәріміз» тәрбие сағаты	<b>Іс –шара:</b> Елеуова Г Т «Тәуелсіздік тұғырым!» Тәрбие сағаты	<b>Ашық сабақ:</b> Кошенова З 4-сынып «Нолмен аяқталған санды ауызша көбейту бөлу» математика	<b>Іс –шара:</b> Малик С «Бірінші мамыр халықтар достығы» «Жеңіске мың тағзым» Сынып жетекшілер
5.	<b>Іс-шара:</b> «Алтын күз» өткізу. Сынып жетекшілер	<b>Баяндама:</b> Кошенова З Т «Балаға адамгершілік тәрбие беру.»	Баяндама: Елеуова Г Т «Бала тәрбиесінде-жанұяның рөлі» дәріс	Ертеңгілік: Кошенова З Т «Қош бол, бастауышым!»
6.	I тоқсан қорытындысы	II тоқсанның .I жарты жылдық жұмыстың қорытындысы.	III тоқсан қорытындысы	IV тоқсанның .II жарты жылдық жұмыстың қорытындысы.

Бекіткен : Мектеп директоры

-----Бердібеков Б Б

Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптар бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

№	Мазмұны	Жауаптылар.	Уақыты
1	<b>I отырыс</b> 1. Бірлестік отырысының жоспарын бекіту. 2. Өзекті мәселелерін анықтау. 3. 5- сыныпқа сабақтастығын қатыстыру. 4. Пәндер бойынша оқушылардың оқу жылы басындағы білім деңгейінің бақылау тестісінің қорытындысы.	Бірлестік жетекшісі . Сынып жетекшілері Бірлестік жетекшісі Сынып жетекшілері	31.08.2022
2	<b>II отырыс</b> Секция аралық жұмыс 1. «Қ.Р. халықтарының тіл » апталығының өткізілуі 2. «Алтын Күз» мерекесіне дайындық 3. «Қауіпсіздік ережелері» тақырыбында сынып сағаттар. 4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтері  <b>Жоспары:</b> 1. Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын тексеру нәтижесі (1-4 сыныптар) 2. Бастауыш сынып оқушыларының кітаппен жұмыс істеуге үйрету. 3. Ашық сабақтарды талдау	Сынып жетекшілері Елеуова Г.Т, Малик С, Журкина К.А, Кошенова З.Т  Бірлестік жетекшісі .  Сынып жетекшілер Бірлестік мүшелері	07.11.2022
3	<b>III отырыс</b> Секция аралық жұмыс 1. «Қ.Р. Тәуелсіздік мерекесіне дайындық. «Ыбырай Алтынсариннің туғанына -180 жыл» 2. Жаңа жыл мерекесіне дайындық  3. Бастауыш сынып апталығына дайындық. <b>Жоспары:</b> 1 «Толық емес жанұялардағы балалармен әлеуметтік жұмыс» 2. «Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік» 3. Ата –анамен жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері . Үштік одақ 4. Аудандық олимпиадаға қатынасу жұмыс жоспарын бекіту	Бірлестік жетекшісі . Сынып жетекшілері Елеуова Г.Т, Журкина К.А , Малик С, Кошенова З.Т Сынып жетекшілері  Сынып жетекшілері. Бірлестік жетекшісі	10.01.2023
4	<b>IV отырыс</b> Секция аралық жұмыс 1. Асық ойындарын білу 2. Күнделіктің тексерілуі мен толтырылуы. 3. Сыныптан тыс іс-шараның жұмыс жоспарын бекіту. Мектептік , аудандық іс шаралар . – Аналар мерекесі 4. Ғылыми жобаға әзірлену 5. Наурыз тойын тойлау Ашық сабақтарды талдау.	Бірлестік жетекшісі Бірлестік жетекшісі .  Сынып жетекшілері  Бірлестік жетекшісі . Бірлестік мүшелері	27.03.2023

**Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің  
бастауыш сыныптар бірлестігінің отырысының кезекті  
хаттамасы №1**

29.08.2022жылы

Қатысатын мұғалімдер саны- 4

Қатыспаған – жоқ

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. ӘБ-тің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспарын талқылау және бекіту.
2. 2022-2023 оқу жылына арналған жаңартылғын білім мазмұны туралы (Әдістемелік нұсқаулық хатпен ) таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ жоспарын реттеу, жиынтық бағалау мен қалыптастырушы бағалау туралы ой бөлісу.
4. «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» баяндама . Елеуова Г Т
5. Әр түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

**Бірінші** мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Малик С өткен оқу жылына талдау жасалды.

2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныптар бірлестігі оқушылардың оқу тәрбие жұмыстарын көтеруде көптеген істер атқарылды.

Әдістемелік бірлестік мұғалімдері оқу – тәрбие процесін дамытумен және жаңа формалармен әдістемелерді енгізу бағытында жұмыстар атқарды. Жұмыс барысында әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің оқу материалының игерілуі мақсатты, уақытылы бақыланып отырылды. Бастауыш сыныптар апталығы өз дәрежесінде өткізілді. Аудан көлеміндегі жаңартылған бағдарлама бойынша семинар сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасып отырылды. Мектепішілік пән олимпиадалары өз кезегінде өткізіліп, қорытындыланды.

Бастауыш сынып апталығы өз кезегінде жақсы дәрежеде өткізілді. ӘБ-тің 5 отырысы өз деңгейінде өткізіліп, пәндердің оқытылу барысы, ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар, үлгерімі төмендеу, дарынды оқушылармен жұмыс, мұғалім ата-ана, оқушы арасындағы байланыс талданып отырылды.

ӘБ мұғалімдері үшін жемісті жыл десе де болады. 2021-2022 оқу жылында жұмыс жоспарында белгіленген іс-шаралардың барлығы өз дәрежесінде өткізілді. ӘБ жетекшісі 2022-2023 оқу жылына арналған жаңа жоспармен таныстырды. Биылғы оқу жылында бірлестіктің тақырыбы, мақсат, міндеттері өзгертілді. Бірінші, екінші, үшінші, төртінші сыныптардағы бес күндік оқу процесі жаңартылған бағдарлама бойынша іске асырылады. Бірінші, екінші, үшінші, төртінші сыныптарда дәптер жағдайы ата-аналар қолдауы арқылы шешімін таба алатын болады, ал оқулықтар 1,2,3,4 сыныптарда түгел 100% жеткілікті.

**Екінші** мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2022-2023 оқу жылына арналған жаңартылғын білім мазмұны туралы нұсқаулық хатқа қысқаша тоқталды. 2022-2023 оқу жылында бастауыш

Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін  
мектебінің бастауыш сыныптар бірлестігінің отырысының кезекті

**ХАТТАМАСЫ №2**

07.11.2022жылы

Қатысқан мұғалімдер саны- 4

Қатыспаған – жоқ

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. I тоқсан бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстары мен тәрбие жұмыстарының қорытындысы.
2. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары.
3. Олимпиада жұмыстарының жүргізілуі оқушыларды дайындау
4. Бастауыш сыныптар апталық жұмысының жоспарын құру, өткізу.
5. Оқушылардың жазуы, оқу екпіні, олардың орындалуы туралы мәлімет.

**Тыңдалды.**

**Бірінші** мәселе I тоқсан бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстары мен тәрбие жұмысының қорытындысы туралы бірлестік жетекшісі Малик С мәлімдеме жасады. I тоқсан бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстары 2-4 сыныптар аралығында алынды. Ол жұмыстардың бағалары қойылылды. Осы бойынша 2-4 сыныптардың пән бойынша мониторингтері шығарылды. 2-сыныпта БЖБ балы 8-10 баллдық жүйеде болды. Ал ТЖБ балл ең жоғарғы максималдық балл 15 болды. 2 сыныпта дүниетану мен жаратылыстану 1 сағат болғандықтан тоқсандық шығарылмады, бірақ БЖБ алынды. 3-4 сыныптарда БЖБ балы 10-12 балл болды. Ал ТЖБ балл ең жоғарғы балы – 18 болды.

**Екінші** мәселе бойынша бірлестік жетекшісі мәлімдеме жасады. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары барлық сыныпта жасалған. Сыныптағы дарынды оқушылар анықталып, оқушылармен жұмыс жүргізіліп жатыр. Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, кәсіби тағдыры жақсы мұғалімге байланысты. Дарынды баланың одан әрі жетіле түсуіне ұстаз тарапынан мейірім мен кішіпейілділік, бала жанын жазбай танушылық қасиет қажет - ақ. Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – ең басты мәселе. Өз ойын дәлелдей алатын, жан – жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру. Ол үшін белгілі бір жоба болуы шарт. Яғни, оқушының дарындылығын айқындау, шығармашылық дарындылығын зерттеу, анықтау, белгілі бір бағыт – бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу қажет.

**Үшінші** мәселе бойынша олимпиада жұмыстарының жүргізілу барысы туралы бастауыш бірлестік жетекшісі Малик С мәлімдеме жасады. 2-4 сыныптар аралығында бастауыш сынып мұғалімдері олимпиадаға жоспарлары жасалды. Олимпиада негізгі пәндерден өтеді. Математика, жаратылыстану, қазақ тілі, дүниетану, әдебиеттік оқудан алынады. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларын жоспар бойынша, кесте бойынша уақытында оқушыларын дайындап жатыр. Олимпиада бастауыш сыныптарға көктем мезгілінде өтеді.

Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің  
бастауыш сыныптар бірлестігінің отырысының кезекті

ХАТТАМАСЫ №3

09.01.2023жылы

Қатысатын мұғалімдер саны- 4

Қатыспаған – жоқ

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Мектепшілік әдістемелік күнге арналған жоспар құру, бекіту, өткізу
2. 1-4 сыныптарда математика пәнінің оқытылу барысын талдау.
3. «Оқуға құштар» мектеп аясында бұрыш орнату
4. I жарты жылдық жұмыстарының қорытындысы, пән бойынша білім деңгейін зерделеу. (1-4 сыныптар).

**Тыңдалды:**

**Бірінші** мәселе бойынша мектепте өткізілетін әдістемелік күнге арналған жоспар бойынша бастауыш сынып мұғалімдері ашық сабақтар өткізді. Мұнда:

реті	сыныбы	пәні	тақырыбы	өткізген
1	бірінші	ана тілі	«Тасымал»	Елеуова Г Т
2	екінші	әдебиеттік оқу	«Тұсаукесер жыры»	Малик С
3	үшінші	математика	«Разрядтан аттамай үш таңбалы санды бір таңбалы санға бөлу»	Журкина К А
4	төртінші	математика	«Бөлшектерді қосу және азайту»	Кошенова З Т

**Екінші** мәселе бойынша 1-4 сыныптарда математика пәнінің оқытылу барысын талдау туралы бірлестік жетекшісі Малик С мәлімдеме жасады. 1- сыныптарда жаңартылған бағдарлама бойынша игерілетін жұмыс 1-ден -20ға дейінгі сандарды қосып, азайту ондықтарды білу.

2-сыныпта 100-ге дейінгі сандарды қосып азайтумен қатар көбейту мен бөлуді игеру. 2- сынып жетекшісі Малик С. Бұл сыныпта 5 оқушы бар. Оның 4- оқушысы есептерді өздігінен шығара алады, қалған 1 оқушы мұғалімнің көмегімен шығарады. 3--сыныпта 9 оқушы сынып жетекшісі Журкина К А. Бұл сыныпта оқушылар көбейту мен бөлуді , сонымен бірге үш таңбалы сандарды азайту мен қосуды өтіп жатыр. Оқушылар математикаға қызығады екен, сабаққа қатысып көрдім. Әлдеде оқушылармен көп жұмыс жасау керек... 4-сыныпта 8 оқушы бар. Оның сынып жетекшісі Кошенова З Т. Бұл сыныптың математика сабағы өте күрделі тапсырмалары қиын. Өйткені күрделі теңдеулер, үш таңбалы сандарды үш таңбалы сандарға көбейту мен бөлуді, жылдамдық, уақыт, қашықтықты табуға есептер шығарады. Бұл сыныптада оқушылардың жартысы есепті өздігінен жақсы шығара алады. Дегенменде қосымша жұмыстар көбірек істелу керек.

Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің  
бастауыш сыныптар бірлестігінің отырысының кезекті

**ХАТТАМАСЫ №4**

28.03.2023жылы

Қатысқан мұғалімдер саны- 4

Қатыспаған – жоқ

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Өзара сабаққа қатысу, өзара дәптер тексеру нәтижелерін талқылау.
2. Оқушылардың танымын дамытуға арналған дидактикалық ойындар.
3. Бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиясына талдау жасау.
4. Мұғалім мен ата-ана және оқушы арасындағы байланыс.

**Бірінші** мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Малик С мәлімдеме жасады. Өзара сабаққа қатысу, өзара дәптер тексеру нәтижелерін талқылау туралы айтатын болсақ, мұғалімдер өзара сабаққа қатысып тәжірибе алмасып жатыр. Тәжірибелі мұғалімдер сабаққа қажетті тиімді әдіс- тәсілдерді көрсетті. Дәптер тексеру кезіндегі әдіс- тәсілдерді соның ішінде баға қоюдың әр түрлі жолдарын көрсетті.

**Екінші** мәселе бойынша оқушылардың танымын дамытуға арналған дидактикалық ойындар туралы Журкина Г А мәлімдеме жасады. Дидактикалық ойындар арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алады. Бала зейінін қажет дидактикалық ойындар қажет ететін ойындар сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады. Дидактикалық ойындар арқылы бала түрлі логикалық жаттығулар орындауға төселеді. Дидактикалық ойын ұйымдастырылса бала заттың атын, қасиетін білуге есте сақтауға, қиялын дамытуға, тілін дамытуға, логикалық ой-жүйесін қалыптастыруға дағдыланады.

**Үшінші** мәселе бойынша бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиясына талдау жасау туралы әдістемелік бірлестік жетекшісі мәлімдеме жасады. Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясына келетін болсақ шындығын айту керек жазу элементтері өте нашар. Сол олқылықтарды жою мақсатында жазу каллиграфиясына көп көңіл бөлу керек. 2-4 сыныптар арасында «Мен әдемі жазамын» тақырыбында мектепішілік сайыс өткізілді.

**Төртінші** мәселе бойынша мұғалім мен ата-ана және оқушы арасында байланыс туралы әдістеме бірлестік жетекшісі мәлімдеме жасады. Ата- анамен барлық сынып жетекшілер байланыс жасайды. Әр сыныптың ата аналар чаттары арқылы да небір мәселелерді шешіп отырады. 8-наурыз мерекесіне орай аналарымыз арасында түрлі ойындар, сайыстар өткізілді. Оқушы, ата ана, мұғалім үшеуі тығыз байланыста болса сонда ғана білімді ұрпақ саны артары сөзсіз.

Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің  
бастауыш сыныптар бірлестігінің отырысының кезекті

**ХАТТАМАСЫ №5**

25.05.2023жылы

Қатысатын мұғалімдер саны- 4

Қатыспаған – жоқ

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Әдістемелік бірлестіктің есебі, әдістемелік бірлестік жұмысына талдау.
2. II жарты жылдық бақылау жұмыстарының қорытындысы, 1-4 сыныптар арасында оқу жылының білім сапасының сараптамасы.
3. Жаңа оқу жылының міндеттері.

**Тыңдалды:**

**Бірінші** мәселе бойынша әдістемелік бірлестік есебін, әдістемелік бірлестік жұмысына талдау туралы Малик С таныстырды. Жыл бойына 1-4 сыныптарда сабақ кестесіндегі сабақтар жоспар бойынша уақтысында өтілді. Кесте бойынша сыныптардан БЖБ, ТЖБ жұмыстары алынып нәтижелері шығарылып, хаттамаланды. 1-сыныпта БЖБ, ТЖБ жұмыстары алынбайды, бағаланбайды. 2-4 сыныптарда баллдық жүйемен бағаланып, орындалған тапсырмалар арнайы папкаға салынды. Әр сынып пәндер бойынша алынған жұмыстары тексеріліп нәтижелері шығарылды.

**Екінші** мәселе бойыншада бірлестік жетекшісі Малик С сөйледі. II жарты жылдық бойынша бақылау жұмыстарының қорытындысы, 1-4 сыныптар арасында оқу жылының білім сапасының сараптамасы туралы айтатын болсақ әр сыныптың білім сапасын жеке жеке жазып көрсетілді .

1 сыныпта бағаланбайды.

2 сыныпта білім сапасы – 69%

3 сыныпта білім сапасы – 71%

4 сыныпты білім сапасы -67 %

1-4 сыныптар арасында білім сапасы 69 % болды. Жасалынған жоспар бойынша дарынды балалармен жұмыстары, үлгерімі төмен балалармен жұмыстары, сыныптан тыс жұмыстар, дәптер тексерулер, жылдық есеп болған соң барлық кеткен олқылықтар қайта қаралды. Сол олқылықтардың орнын толтыру мәселелері де назардан тыс қалмады?

**Үшінші** мәселе бойынша жаңа оқу жылының міндеттері қабылданды:

1. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарын құру.
2. Әдістемелік бірлестік отырысын жоспарлау.

Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:

«Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты дамыған, рухани бай, шығармашылық белсенділігі жоғары, білімді жеке тұлғаны қалыптастыру.»

ӘБ жұмысының мақсаты:

Ұстаздардың кәсіптік шеберлігін арттыру мақсатында инновациялық қызмет ұйымдастыру, білім беру саласындағы жаңа технологияларды зерттеп, жинақтап, мектеп ішіне тарату, озық іс-тәжірбиені кеңінен насихаттау бағытында үздіксіз жұмыс жүргізе отырып, оқушыларға терең де тиянақты білім беруге қол жеткізу.

«Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы бастауыш әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары

№	Әдістемелік бірлестіктің жоспары	Мерзімі	Жауапты мұғалімдер
	<b>Жаңа оқу жылына дайындық, Ұйымдастыру шаралары</b>		
1	2022- 2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау жасау	Тамыз	ӘБ жетекшісі Малик С
2	ӘБ мүшелерінің оқу жүктемесімен танысу, нақтылау, анықтау	Тамыз	ӘБ жетекшісі мен бірлестік мүшелері
3	ӘБ мүшелерінің , сапалық құрамын анықтау. Өзбілімін жетілдіру курсына тағайындалғандар мен аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау.	Тамыз	ӘБ жетекшісі Бірлестік мүшелер
4	Бастауыш сынып кабинеттерін жаңа оқу жылына дайындау	Тамыз	Кабинет меңгерушілері, сынып жетекшілер
5	ӘБ жаңа оқу жылына арналған жоспарын талқылау, өзгерістер енгізіп, толықтыру, қарастырып, бекітуге ұсыну.	Тамыз	ӘБ жетекшісі  Бірлестік мүшелер
	<b>Мектеп ішкілік іс – шаралар мен ӘБ отырыстары</b>		

**Бастауыш сынып ӘБ 2023-2024 оқу жылына арналған  
отырыстар жоспары**

Р/с	Өткізілетін іс – шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Нәтиже
I	<p><b>№ 1 отырыс.</b></p> <p>1. 2022-2023 оқу жылындағы ӘБ жұмысының есебі</p> <p>2. 2023-2024 оқу жылы ҚР жалпы білім беретін мектептерінде және білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу.</p> <p>3. Сыныптар бойынша факультатив сабақтарды қарастыру</p> <p>4. Әдістемелік бірлестігінің жоспарын қарастыру.</p>	тамыз	<p>ӘБ жетекшісі Малик С бірлестік мүшелері</p>	Хаттама
II	<p><b>№ 2 отырыс.</b></p> <p>1. «0»-үздік бақылау жұмыстармен салыстыру қорытындысын шығару.</p> <p>2. Мектепшілік олимпиада тапсырмаларын қарау</p> <p>3. I-тоқсанның қорытындысы, сапа бағдарламаның орындалуы.</p> <p>4. 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру нәтижесі.</p>	Қараша	<p>ӘБ жетекшісі</p> <p>Бастауыш сынып мұғалімдері</p>	Хаттама
III	<p><b>№ 3 отырыс.</b></p> <p>1. Білім берудегі жаңа технологияларды сабақта қолдану. Баяндама</p> <p>2. II-тоқсанның қорытындысы, сапа бағдарламаның орындалуы. I тоқсанның бақылау жұмыстармен салыстыру, қорытындысын шығару.</p> <p>3. 4-сыныптардан алынған әкімшілік бақылау жұмыстарының қорытындысы</p>	Қаңтар	<p>ӘБ жетекшісі</p> <p>Бірлестік мүшелері</p>	Хаттама